



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Соттардың кәсіби қызметінің негізінде жатқана да мінгершілік мәдениеті мен құқықтық мінез-құлығының саналылығы құқықтық мемлекеттің алдындағы тұрған мәселелерді сапалы және орынды шешуге әкеледі.

Мемлекетімізде қалыптасқан құқықтық мәдениетті дамыту мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізіліп, саяси шешімдер қабылданып отырады. Мемлекеттің құқықтық дамуына аса үлкен серпін беретін Қазақстан Республикасының Президентінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа

бағдар; рухани жаңғыру» мақаласының шығуы еліміздегі құқықтық санаға, құқықтық мәдениетке қатысты жаңғырудың қажеттілігін және өзектілігін көрсетеді [7].

Мұндай маңызды бағдарламалық мақаладағы рухани жаңғыруларда құқық қорғау қызметкерлерінің құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасына және құқықтық мемлекеттің жаңаша дамуын атыңсерпілістер береді деп ойлаймыз.

Жалпы рухани жаңғыру аясында құқықтық саясат тұжырымдамасының қағидаларын іске асыру тәуелсіз Қазақстанның азаматтарының құқықтық санасы мен мәдениетінің одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана: Елорда, 2008. - 56б.

2 Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық-Жаңа экономикалық көрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан. 2010 жыл, 30 қаңтар. 12б.

3 Қазақстан Республикасының 2010-жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 2009 жыл, 28 тамыз. 47б.

4 Қазақстан Республикасының 2010-жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 2009 жыл, 28 тамыз. 47б.

5 Қазақстан Республикасының 2010-жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 2009 жыл, 28 тамыз. 47б.

6 Зиманов С.З. Спасение судебной власти – спасение демократии // Материалы научно-практической конференции, посвященной 30-летию Алматинского горсуда. – Алматы, 2000. 277с.

7 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 2017 жыл, 12 сәуір. 12б.

УДҚ-347

ҚР САЙЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айдарбеков Нысанбек

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 4курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – з.ғ.д. профессор Амандыкова Сауле Кошкеновна

«Қазақстандық өкілді органның қалыптасуын жетілдіру механизмдері» атты арқау болған басты мәселе қазақстандық өкілді органның қалыптасуындағы байқаушылар рөлі мен сайлау технологияларын зерттеу. Өйткені демократиялық талаптарға сәйкес, сайлаулардың таза, әділ өтуіне тікелей әсер ететін байқаушылар институты болып табылады. Ол сайлаулардың өту үдерісіндегі тежемелік заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді. Әлемдік тәжірибеде байқаушылар институты кез-келген демократиялық мемлекеттің сайлау жүйесінің басты элементі болып табылады. Сайлау үдерісін демократизациялау бұрынғы КСРО территориясында пайда болған мемлекеттердің саяси қайта құрылуының басты аспектісіне айналды.

Саяси және сайлау құқықтарын қолдауды қамтамасыз ету бірқатар халықаралық құжаттарда белгіленген: 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық

пакті[1]. Адамның құқығы және негізгі еркіндіктерді қорғау жөніндегі Еуропалық конвенция (Рим 1950ж., 4 қараша) [2].

Сайлау стандарттарының негізгі көздері болып келесі халықаралық документтер табылады. Декларация (Париж, 1994ж., 26 қараша)[3], жаңа Еуропаға арналған Париждік хартия – жоғарғы деңгейдегі Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңес (ЕҚЫК) (19-21 қараша, 1990ж.) [4]

Байқаушылардың стандартын анықтайтын халықаралық құжаттар: Жоғарғы деңгейдегі Стамбул кездесуінің декларациясы (Стамбул, 1999), [5] Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның (ЕҚЫҰ) еуропалық хартиясы (Стамбул, 1999) [6], ЕҚЫК Адамдық өлшем туралы Конференцияның Копенгагендік құжаты (Копенгаген, 29 маусым, 1990 ж.) [7], және т.б.

Сонымен бірге 2007 жылғы Мәжіліс сайлауындағы зор жетістік «Шет мемлекет байқаушыларына, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары журналистеріне көмек көрсету» орталығы құрылды[8]. Ол жұмысын 2008 жылғы Парламент Сенатында жалғастырылды. Әлемдік тәжірибеде Батыс елдерінде және бос кеңестік кеңістікке тек Украина мен Қазақстанда құрылған бұл орталық байқау институтының дамуына ықпалын тигізеді. [9].

Байқаушыларды ақпараттық, техникалық жағынан қамтамасыз ететін орталық коммуникативті технологияны іске асыра отырып, шұғыл түрде қызмет атқарады. Қазіргі таңда бұл орталықтың қызметін нақтылау мақсатында жанама түріндегі әдістемелік құрал жазылуы қажет. Өйткені нақты заңнамалық деректеме көздерінсіз жұмыс атқару қиындықтарға әкеледі.

Демократиялық құқықтық мемлекетті қалыптастыру үшін байқаушылар институтын дамыту мақсатында барлық пікірдегі күш-қуатты біріктіру қажет.

Алексис де Токвиль атындағы демократияны зерттеу институтының ғылыми қызметкері Ариэль Коэн байқаушылар қызметіне ілгері қадам басу бар екенін елімізде байқаушылар әрекетінің бар екенін әр түрлі қоғамдық пікірлердің, әсіресе Д.Көшімнің сыни пікірін еске түсіре отырып, Қазақстандық байқау институтының нағыз демократиялық сайлаулардың өтуі үшін қызмет атқарып жатқанын түсінеміз. Демек, шетелдік зерттеушілердің біздің еліміздегі байқау қызметіне оң баға беріп отырғаны тәуелсіздік алғаннан бергі мемлекетіміздің дамуындағы байқаушылар институты орнының айқындалғандығының белгісі.

Отандық қоғамдық пікір қазақстандық пікір демократияның қалыптасуындағы байқаудың рөлін көрсетеді. Әсіресе, белгілі қоғам қайраткерлері М.Шаханов, А.Тшан, ЖСДП мүшесі С.Әлібаев пікірлері орынды. Балама пікір болмай демократия жоқ. Олар қазақстандық сайлау жүйесін жетілдіру мақсатында байқаушылар рөлін, әсіресе отандық байқаушылар пікірін ескеруді жақтайды. Өйткені, отандық байқаушылар нағыз елдің жанашырлары бола алады. Шетелдік байқаушылар сайлаудың демократиялық жолмен өтуіне мән берсе, жергілікті байқаушылар әділ, баламалы негізде өкілді органның қалыптасуын қалайды. Өкілді органның әділ қалыптасуының бір ғана жолы бар, ол демократиялық принциптер. Бұл принциптердің жүзеге асуына бірден бір әсер етуші байқаушылар болып табылады.

Қорытындыласақ, Қазақстанның халықаралық стандарттар мен қағидаларға жақындауы, олардың заңды түрде бекітілуі, сондай-ақ, жинақталған тәжірибе Қазақстанда байқаушылар институты сайлаушылардың электоралды-құқықтық мәдениетін арттыруға септігін тигізетінін көрсетті. Бұл халықаралық стандарттар және толығымен байқаушылар институтына деген сайлаушылардың жағымды көзқарасын қалыптастырады.

Елімізде сайлаулардың өту барысында қолданылған технологиялар мәселесі осы зерттеудің маңызды бөлігі. Өкілді биліктің қалыптасуындағы сайлаулардың тазалығына әсер етуші байқау институтының және оның өткізілуінің құралы болып табылатын сайлау технологияларының қолданылуы мен оның жетілдірілуі мәселелерін ашып көрсету.

Саяси өмірдің біртіндеп демократиялық нормаларды игеріп, тоталитарлық және авторитарлық тәртіппен бас тартуына байланысты, қоғамның шынайы демократиялық

өзгерістен сипаттайтын саяси технологияларды түсіне бастадық. Сайлау үдерісінің ұйымдастыру мен жүргізу тәсілдерін зерттеу арқылы оның күрделі құбылысын саралап, технологиялардың тиімдісін таңдау мүмкіндігіне ие болуға болады.

Сайлау технологиялары алғаш 1999 жылғы 10 қаңтардағы Президент сайлауларында қолданыла бастады. Жалпы технологиялардың еліміздегі қолданылу кезеңдерін атап көрсеткен отандық зерттеуші А.Морозовтың пікіріне жүгінсек 1999 жылдан бастап қазіргі кезеңде «сайлау науқаны «ережелері» бұрынғыға қарағанда нақтыланып, айқын байқала бастады».

Сондықтан, еліміздегі алғашқы сайлауларда қолданылған технология ретінде сайлау үдерісіндегі кандидаттың жеңісіне апаратын жол, сайлау технологиясының ішіндегі маңыздысының бірі ақпараттық технология.

Өйткені, осы технологияның негінде кандидат пен электорат арасында байланыс туады. Сайлауды өткізу кезеңіндегі ақпараттық технология және саяси коммуникация стратегия ретінде ұран, лозунгтарды таратуда маңызды орын алады. Сайлау технологияларының сайлау нәтижесінде әсері зор екеніне мына мысал дәлел бола алады. Нәтижесінде, Н. Назарбаев 79,78 пайыз дауыс жинаса, Ғ.Қасымов 4,61 пайыз дауыс жинағаны белгілі. Бұл көріністен кейін сайлау қорытындысына теле форматтың қаншалықты электоратқа әсер ететінін көру қиын емес.

Дегенмен, 2005 жылғы Президент сайлау технологияларының жетілдірілген кезеңі деп айтуға болады. Өйткені, сыртқы саяси ахуалды тиімді пайдаланған Н.Назарбаев тіпті сайлау кампаниясын жүргізбейтінін айтты, осы сайлаулардың заңды және ашықтығы демократиялық сайлауларға сай келеді деп атап көрсетті Орталық сайлау комиссиясының төрағасы О.И.Жұмабеков[10]. Өзінің саяси оппоненттеріне саяси тартыс, даулы әрекеттерге Қазақстанның қазіргі саяси тұрақтылығы мен экономикалық дамуы ТМД елдерімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары екені ешқандай жарнама мен технологияны қажетсізбейтіндігіне сенетіндігін байқатты.

2007 жылғы 18 тамыздағы Мәжіліс сайлауында жағдай басқаша өрбіді. Сайлаудың технологиялық жағынан ұйымдастырылуы жоғары болғанымен соңғы нәтижесінде тек, «Нұр Отанның» жеңіске жетуі біршама пікір таластарды тудырды.

Қазақстан Республикасындағы саяси режимнің қалыптасуын ескере отырып, өткен сайлаулар туралы қорытынды жасауға болады. Бұл сайлауларда саяси электоралды технологиялардың біршама жақсарғаны байқалды. Сайлау кезінде сайлау кампанияларын өткізудің өркениетті тәжірибесі қалыптаса бастады. Сайлаулар Қазақстан Республикасындағы саяси реформаларды жүргізуді заңдастыру (легитимация) үдерісі болып қана қойған жоқ, сонымен қатар халыққа ұсынылған идеологиялық бағдарламалардың бәсекелестікке қабілетті дәрежесін өсірді. Осы бағдарламалардың халық арасындағы өзектілігі мен өміршеңдігі сайлау алдында күресте халықтың дауыс беруі арқылы білінетіні анықталды. Кандидаттардың бір-біріне көрсететін шыдамдылығы мен сыйластылығы Қазақстанның саяси элитасында қалыптасқан дәстүр болғандықтан сайлау мәресіне әсер еткені дәлелденді. Қазақстанның өкілді органдарын сайлау барысында қолданылған сайлау технологиялар аясы кеңейгенін байқауға болады. Сайлауға электораттың белсенді қатысуы сайлау технологиясының нәтижесінің көрінісі.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан бергі сайлаулардың өткізілу ерекшеліктерінің демократиялық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында байқаушылар рөлін арттыру арқылы сайлау, әділдігіне көз жеткізу мақсатында байқауды жан-жақты жетілдіру жолдарын қарастырдық. Сайлауды демократиялық талаптарға сәйкес ұйымдастыру мен өткізу үшін әділ, таза технологияларды қолдану негізінде, әділетті өкілді билікті қалыптастыру бүгінгі күннің парызы. Жоғарыдағы талдаулар негізінде қысқа мерзімде еркін, әділ сайлаулар арқылы өкілді билікті қалыптастыру жолдарын бастан кешіріп, нағыз демократиялық мемлекет құруға талпынуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091>
2. https://www.echr.coe.int/Documents/Convention_RUS.pdf
3. <http://base.garant.ru/6190411/>
4. <http://www.pandia.ru/text/78/129/5466.php>
5. <http://www.zaki.ru/pagesnew.php?id=1048>
6. <http://referatdb.ru/pravo/2771/index.html>
7. <http://base.garant.ru/2559455/>
8. <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/627670>
9. Төртінші шақырылатын ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау қорытындылары туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясының хабары // Егемен Қазақстан. – 2007. – 24 тамыз.
10. Жумабеков О. Становление и развитие выборного законодательства Республики Казахстан // Казахстанская правда. – 2015. – 8 октябрь. – С. 3.

УДК 342

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

Алкенова Жанну

Қарағанды экономикалық университетінің Ю-11к топ студенті,
Қарағанды, Қазақстан.

Ғылыми жетекші - Адильбекова Қ.Қ., жалпықұқықтық және арнайы пәндер
кафедрасының аға оқытушысы, заңтану магистрі

(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды, Қазақстан)

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алып, небір қиыншылықтарды артқа тастап, бүгінгі күнде экономикасы дамыған мемлекетке айналған тұста да елімізде ақсап жатқан кейбір келелі мәселелер бар екендігі де жасырын емес. Ел болған соң, «бас жарылмай, қол сынбай тұрмайды» демекші, халықтың құқыққа қарсы теріс әрекеттерінің қоғамға зиянды екендігі, оның алдын алудың, құқықтық тәрбие берудің қажеттігі де белгілі. Қазақта «ел боламын десең – бесігіңді түзе» деген нақыл сөз бар. Осы сөз арқылы айтылған бабалар аманатындағы жауапкершілікті ата-анаға ғана тиісті деп емес, мемлекеттің, қоғамдағы әрбір адамзат баласының саналы ұрпақты тәрбиелеудегі, құқықтық мәдениетін көтерудегі қағидалы мақсаты деп түсінеміз. Қоғам әрқашанда тәртіпке негізделіп, құқықтық мінез-құлыққа арқа сүйеп тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды. Мұны адамзат ежелден-ақ түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен де, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз емес. Құқық бұзушылық қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада құқық бұзушылық та әрқашан орын алады. Бұл шартты құбылыс.

Жоламанов Қ.Д. пайымдауынша: “Құқықбұзушылық - заңды, оның қағидаларын, құқық нормаларымен жүктелген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады” [3,194 б.]. Адам өзінің іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Заң бұзушылық адамның мінез-құлқы арқылы байқалады. Бірақ адамның ой-желісі заңмен реттелмейді. Ақылы дұрыс адамның іс-әрекеті ерік пен ойдың арасында жүзеге асырылады. Демек, құқық бұзушылық қоғам мен жеке тұлғаларға зиян келтіретін және құқықтық нормаларға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады. Әрекет - бұл құқық нормаларының іс-қимыл жасай отырып жүзеге асуы, ал әрекетсіздік құқық нормаларының талаптарын ешқандай іс-қимыл орындалмаса да бұзу арқылы орын алады.

Құқықбұзушылық құқықтық нормалар қорғайтын мүддеге нұқсан келтіріп қоғамның, жеке адамның мүддесіне зиянын тигізеді, белгіленген құқықтық тәртіпті бұзады. Құқықтық